төлемдерді және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз Қарызды ішінара немесе толық көлемінде мерзімінен бұрын өтеуге.	санкций за досрочное погашение, с уплатой начисленного Вознаграждения на сумму Займа, за фактическое количество дней пользования Займом.
5.2.7. Алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар пайда болған жағдайда Банкке жазбаша түрде жүгіну және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабымен белгіленген мерзімде жауап алу.	5.2.7. Письменно обратиться в Банк при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам и получить ответ в сроки, установленные статьей 8 Закона Республики Казахстан от 12 января 2007 года «О порядке расмотрения обращений физических и юридических лиц».
5.2.8. Карточкаларды пайдалану ережелерімен және/немесе осы Шартпен және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартпен көзделген тәртіпте Кредиттік төлем карточкасын оқшаулау/ашу/жою туралы ауызша және/немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге;	5.2.8. Обращаться в Банк с устным и/или письменным заявлением о блокировании/ разблокировании/ аннулировании Кредитной платежной карточки в порядке, предусмотренном Правилами пользования карточками и/или настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита;
5.2.9. Үшінші тұлғалардың Ағымдағы шоттың жай-күйі туралы ақпаратты рұқсатсыз алуы және пайдалануының алдын алу үшін Кодтық сөзді белгілеп, өзгертуге.	5.2.9. Для предотвращения несанкционированного использования и получения информации о состоянии Текущего счета третьими лицами, устанавливать и изменять Кодовое слово.
5.2.10. Банкоматтар арқылы ақша қалдықтары туралы ақпарат алуға.	5.2.10. Получать информацию об остатках денег через Банкоматы.
5.2.11 Осы Шартпен, Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта, Карточкаларды пайдалану туралы ережелерде және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды пайдалануға.	5.2.11. Пользоваться иными правами, предусмотренными настоящим Договором, Договором об установлении кредитного лимита, Правилами пользования карточек и/или действующим законодательством Республики Казахстан.
5.2.12. Шарттың талаптары Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгеруі туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банкке тиісті жазбаша хабарламаны жолдау жолымен Банк ұсынған жақсарту шарттарынан бас тарту. Бұл ретте, Банк Қарыз алушыдан Шарттың осы тармағында белгіленген мұндай бас тартудың мерзімі өткен күннен бастап _____ () жұмыс күн өткеннен кейін Шарттың талаптары жақсарту жағына қарай өзгеруінен бас тарту туралы жазбаша хабарламаны алмаған жағдайда Шарттың талаптары Тараптармен өзгерген болып танылады.	5.2.12. В течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий Договора в сторону их улучшения для Заемщика, отказаться от предложенных Банком улучшающих условий путем направления в Банк соответствующего письменного уведомления. При этом, условия Договора будут признаны Сторонами измененными в случае не получения Банком письменного уведомления Заемщика об отказе от изменения условий Договора в сторону их улучшения по истечении _____ () рабочих дней с даты истечения срока такого отказа, установленного в настоящем пункте Договора.

5.2.13. Міндеттемені орындаудың мерзімі кешігу орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке бару және Шарт / Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі кешігуінің туындау себебі туралы мәлімет және оның ішінде Шарт / Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша талаптарға келесілерге байланысты өзгерту енгізу туралы өтініш беруге себеп болған табыс және басқа дәлелді жағдайлар (фактілер) көрсетілген жазбаша өтініш тапсырылады:	5.2.13. В течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства посетить Банк и представить письменное заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Договору/Договору об установлении кредитного лимита, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора/Договора об установлении кредитного лимита , в том числе связанных с:
- Шарт / Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына өзгеру;	-изменением всторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору/Договору об установлении кредитного лимита ;
шетелдік валютада берілген Кредит бойынша негізгі қарыз қалдығының сомасын ұлттық валютаға өзгеру;	-изменением валюты суммы остатка основного долга по Кредиту, выданному в иностранной валюте, на национальную валюту;
- негізгі қарыз және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;	-отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезегін өзгерту, оның ішінде негізгі қарызды басымды тәртіпте өтеу;	-изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;
- Шарт / Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартының әрекет мерзімін өзгерту;	-изменением срока действия Договора/Договора об установлении кредитного лимита;
- мерзімі кешіккен негізгі қарыз және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздықты (айыппұлдарды, өсімақыларды) алып тастау.	-прощением просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отмены неустойки (штрафа, пени).
5.3. Банк құқылы емес: 5.3.1. Біржақты тәртіпте Кредиттік лимитті белгілеу шарты жасалған күні белгіленген Қарызға қызмет көрсету бойынша комиссиялар мен өзге төлемдерді ұлғаю жағына өзгертуге;	5.3. Банк не вправе: 5.3.1. В одностороннем порядке изменять в сторону увеличения установленные на дату заключения Договора об установлении кредитного лимита размеры и порядок расчета комиссий и иных платежей по обслуживанию Займа;
5.3.2. Біржақты тәртіпте Кредиттік лимитті белгілеу шарты аясында жаңа комиссия (алынатын жағдайда) түрлерін енгізуге;	5.3.2. В одностороннем порядке вводить новые виды комиссий (в случае взимания) в рамках Договора об установлении кредитного лимита;
5.3.3. Біржақты тәртіпте келесілерден өзге жағдайда Кредиттік лимитті белгілеу шарты аясында Қарыз беруді уақытша тоқтатуға: - осы Шартта және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу шартында қарастырылған, Банкте Қарыз бермеу құқығы пайда болғаннан өзге;	5.3.3. В одностороннем порядке приостанавливать выдачу Займа в рамках Договора об установлении кредитного лимита, за исключением случаев: - предусмотренных настоящим Договором и/или Договором об установлении кредитного лимита, при которых у Банка возникает право не

- Қарыз алушының осы Шарт және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу шарты бойынша Банк алдында өз міндеттемелерін бұзуы, оның ішінде, Техникалық карточкалық овердрафттың пайда болуына жол берген жағдай; - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Банктің ішкі кредит саясаты бойынша Банк жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша анақталған Қарыз алушының Қаржылық жағдайының нашарлауы; - Қарыз алушының осы Шартты және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу шартын тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының өзгеруі;	осуществлять предоставление Займа; - нарушения Заемщиком своих обязательств перед Банком по настоящему Договору и/или Договору об установлении кредитного лимита, в том числе при допущении возникновения Технического карточного овердрафта; - ухудшения финансового состояния Заемщика, выявленного по результатам мониторинга, проводимого Банком в соответствии с внутренней кредитной политикой Банка, соответствующей международным стандартам финансовой отчетности; - изменения требований законодательства Республики Казахстан, влияющих на надлежащее исполнение Банком настоящего Договора и/или Договора об установлении кредитного лимита;
5.3.4. Қарызды немесе Сыйақыны немесе Техникалық карточкалық овердрафты өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келіп қалса, Қарызды немесе Сыйақыны немесе Техникалық карточкалық овердрафты өтеу келесі жұмыс күнінде жасалған болса тұрақсыздық айыбын алуға немесе басқа айыппұл санкцияларын қолдануға, осы Шартта белгіленгеннен жағдайларды қоспағанда.	5.3.4. Взимать неустойку или иные виды штрафных санкций в случае, если дата погашения Займа или Вознаграждения или суммы Технического карточного овердрафта выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата Вознаграждения или Займа или Технического карточного овердрафта производится в следующий за ним рабочий день, за исключением случаев, установленных настоящим договором.
6. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ	**6. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**
6.1. Банк міндеттенеді:	6.1. Банк обязуется:
6.1.1. Осы Шарттың және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың, Банктің ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шарттарына сәйкес Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт жасалған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Қарыз алушыға Ағымдағы шотты ашуға, сондай-ақ белгіленген Кредиттік лимитпен Кредиттік төлем карточкасын шығаруды және беруді жүзеге асыруға. Бұл кезде Банк филиалдарына Кредиттік төлем карточкаларын жеткізу пошта байланысы құралдары арқылы жүзеге асырылады, осыған байланысты Банкке Кредиттік төлем карточкасын жеткізуді жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен жеткізу мерзімдерін кешіктіру үшін жауапкершілік жүктелмейді;	6.1.1. В соответствии с условиями настоящего Договора и Договора об установлении кредитного лимита, внутренних документов Банка и действующего законодательства Республики Казахстан открыть Текущий счет, а также осуществить выпуск и выдачу Кредитной платежной карточки с установленным Кредитным лимитом Заемщику в течение 7 (семи) рабочих дней с даты заключения Договора об установлении кредитного лимита. При этом в филиалы Банка доставка Кредитной платежной карточки осуществляется средствами почтовой связи, в связи с чем Банк не несет ответственности за задержку в сроках доставки Кредитной платежной карточки по вине организации, осуществляющей доставку;
6.1.2. Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта ескерілген сомада,	6.1.2. Установить Кредитный лимит в сумме, в сроки, оговоренные Договором об

мерзімінде, бірақ мына күндерден ерте емес және осы Шартта және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта ескерілген талаптарында Кредиттік лимитті белгілеуге:	установлении кредитного лимита и на условиях, оговоренных настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита, но не ранее даты:
• Қарыз алушының Кредиттік лимитті белгілеу үшін қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынуы;	• предоставления Заемщиком полного пакета документов, необходимых для установления Кредитного лимита;
• Кредиттік лимитті белгілеу күніне Қарыз алушының тарапынан Банк алдында міндеттемелерін орындамау жағдайлары болмаған;	• на дату установления Кредитного лимита отсутствуют случаи неисполнения обязанностей перед Банком со стороны Заемщика;
6.1.3. Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні ішінде айып төлемдерді және айыппұл санцияларының өзге түрлерін ұстаусыз, Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптарында Қарыз алушыдан Қарызды қабылдауға.	6.1.3. В течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты заключения Договора об установлении кредитного лимита принять Заем от Заемщика в порядке и на условиях, установленных Договором об установлении кредитного лимита, без удержания неустойки или иных видов штрафных санкций.
6.1.4. Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерінде Қарыз алушыға осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша ақшаны өтеу есебіне Ағымдағы шотқа кезекті түсетін ақшаны (мерзімі өткен төлемдерді көрсетіп, Қарыз, Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт, комиссиялардың, айып төлемдерінің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомаларына және төлеуге жататын басқа сомаларға) бөлу туралы ақпаратты ұсынуға.	6.1.4. В порядке и сроки, предусмотренные Договором об установлении кредитного лимита представлять Заемщику информацию о распределении (на сумму Займа, Вознаграждения, Технического карточного овердрафта, комиссий, неустойки, штрафа, пени и других подлежащих уплате сумм с указанием просроченных платежей) очередных поступающих денег на Текущий счет в счет погашения долга по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита.
6.1.5. Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерінде Қарыз алушыға мерзімі өткен төлемдерді көрсетіп, Қарыз, Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт, комиссиялардың, айып төлемдерінің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомаларына және төлеуге жататын басқа сомаларға бөліп, қайтаруға тиесілі сомалардың мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға.	6.1.5. В порядке и сроки, предусмотренные Договором об установлении кредитного лимита предоставлять Заемщику сведения о размере причитающихся к возврату сумм с разбивкой на сумму Займа, Вознаграждения, Технического карточного овердрафта, комиссий, неустойки, штрафов, пени и других подлежащих уплате сумм с указанием просроченных платежей.
6.1.6. Қарыз алушыға Қарыз және/немесе Сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек қалыптасқан және/немесе Техникалық карточкалық овердрафт туындаған күннен бастап ____(_____) күнтізбелік күн ішінде міндеттемені орындауды кешіктіру, Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша төлемдерді салу қажеттігі туралы Қарыз алушының өзінің міндеттемелерін орындамауының	6.1.6. Уведомлять Заемщика в течение ___ (_____) календарных дней с даты возникновения просроченной задолженности по Займу и/или Вознаграждению и/или с даты возникновения Технического карточного овердрафта, о просрочке исполнения обязательства, о необходимости внесения платежей по Договору об установлении кредитного лимита с указанием последствий невыполнения

салдарларын көрсетумен, Берешекті осы Шартпен және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартпен көзделген әдіспен өтеудің кезекті күні туралы ескертуге.	Заемщиком своих обязательств, об очередной дате погашения Задолженности, способом, предусмотренным настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита.
6.1.7. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабымен белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша жүгінуін қарастыру және жазбаша жауап дайындау.	6.1.7. Рассмотреть и подготовить письменный ответ на письменное обращение Заемщика в сроки, установленные статьей 8 Закона Республики Казахстан от 12 января 2007 года «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц».
6.1.8. Қарыз алушыны (оның уәкілетті өкілін) _____(_____) күнтізбелік күн ішінде осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша құқықтарын (талаптарын) беру туралы ескертуге.	6.1.8. В течение ____(_____) календарных дней уведомлять Заемщика (его уполномоченного представителя) об уступке прав (требований) по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита.
6.1.9. Шартқа және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартына қызмет көрсету кезеңінде, Банк Қарыз алушының сұрауы бойынша (банк құпиясын жария етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтап) сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған мыналар туралы мәліметтерді жазбаша түрінде ұсынады: 1) Банкке төленген ақшаның сомасы; 2) мерзімі өткен берешектің мөлшері (болған кезде); 3) Қарыз бойынша борыштың қалдығы; 4) кезекті төлемдердің мөлшерлері мен мерзімдері; 5) Кредиттік лимиті.	6.1.9. В период обслуживания Договора и Договора об установлении кредитного лимита по запросу Заемщика (с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан к разглашению банковской тайны) в течение 3 (трех) рабочих дней со дня получения запроса предоставлять Заемщику в письменной форме сведения о (об): 1) сумме денег, выплаченных Банку; 2) размере просроченной задолженности (при наличии); 3) остатке долга по Займу; 4) размерах и сроках очередных платежей; 5) Кредитном лимите.
6.1.10. Банкке ақша түскен және тиісінше рәсімделген төлем құжаттарының көшірмелерін алған күннен кейінгі банктік күннен кешіктірмей ақшаны Ағымдағы шотқа аударуға. 6.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтаумен Қарыз алушының (оның өкілінің) ақпаратының, дербес деректерінің құпиялылығын және сақталуын қамтамасыз етуге және Ағымдағы шот бойынша жүргізілетін операциялар бойынша банктік құпияны сақтауға. Ағымдағы шот бойынша мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органдарға тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте және	6.1.10. не позднее банковского дня, следующего за днем поступления в Банк денег и получения копий надлежащим образом оформленных платежных документов, зачислять деньги на Текущий счет. 6.1.11.Обеспечивать конфиденциаль - ность информации, защиту персональных данных Заемщика (его представителя) и сохранять банковскую тайну по операциям, проводимым по Текущему счету, с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан. Предоставлять сведения по Текущему счету уполномоченным государственным органам только в порядке и на условиях,

шарттарда, сондай-ақ Қарыз алушының осындай ақпаратты үшінші тұлғаларға ұсынуға келісімі көрсетілген құжат немесе Шартта ережелер болған кезде үшінші тұлғаларға ұсынуға.	предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, а также третьим лицам при наличии документа либо положений в Договоре, содержащего (-их) согласие Заемщика на предоставление такой информации третьим лицам.
6.1.12. Клиенттің алған хабарламасы бойынша қатені Банк анықтағаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде Қарыз алушы Кредиттік төлем карточкасын пайдалана отырып операция жасамағанда және бұл факт туралы Банке хабарлағанда Қарыз алушының банкілік есеп шотына / есеп шотынан қате алу немесе ақша аудару жасалғанда Қарыз алушының банкілік есеп шотындағы ақша қалдығын қате алып қою немесе ақша аудару орындалғанға дейінгі қалпына келтіруге;	6.1.12. В течение двадцати четырёх часов после обнаружения Банком ошибки по полученному уведомлению Клиента восстановить остаток денег на банковском счете Заемщика до того состояния, в котором он был перед ошибочным изъятием или зачислением денег, при осуществлении ошибочного изъятия или зачисления денег с/на банковский счет Заемщика, по которым Заемщик не осуществлял операций с использованием Кредитной платежной карточки и уведомил о данном факте Банк;
6.1.13. Банкке жазбаша өтініш беру арқылы үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, өтеусіз, бірақ айына бір реттен жиілітпей, жазабаша түрде Кредиттік лимитті белгілеу шарты бойынша Ағымдағы есеп шотқа түскен кезекті ақшаның таратылып бөлінуі туралы ақпарат беруге (Қарыз, Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт, комиссия, тұрақсыздық айыбы, айыппұл сомасына, және осы Шарт және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу шарты бойынша төлеуге жататын өзге сомаларға). Осы тармақтың ережелері Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннен кейін негізгі қарызды мерзімінен бұрын қайтарған жағдайларға қатысты болады және Банк Кредитті мерзімінен бұрын қайтаруға келіскен немесе бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Шартта көзделген жағдайда қолданылады.	6.1.13. По письменному обращению Заемщика безвозмездно не чаще одного раза в месяц представить в срок не более трех рабочих дней в письменной форме информацию о распределении (на сумму Займа, Вознаграждение, Технического карточного овердрафта, комиссии, неустойки, штрафы и другие подлежащие уплате суммы по Договору об установлении кредитного лимита с указанием просроченных платежей) очередных поступающих денег на Текущий счет в счет погашения долга по Договору об установлении кредитного лимита; Положения настоящего пункта распространяются в случаях досрочного возврата основного долга по истечении четырнадцати календарных дней с даты заключения Договора и применяются в случаях согласия Банка на досрочный возврат Займа либо если предусмотрено договором в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан.
6.1.14. Банкке Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша өтініш беру арқылы үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, өтеусіз, жазбаша түрде Қарыз, Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт, комиссия, тұрақсыздық айыбы, айыппұл сомасына, және осы Шарт және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу шарты бойынша төлеуге жататын өзге сомаларға бөлінген және мерзімі кешіктірілген төлемдер	6.1.14. По письменному обращению Заемщика о частичном или полном досрочном погашении Займа, безвозмездно в срок не более трех рабочих дней, сообщить Заемщику размер причитающейся к возврату суммы с разбивкой на сумму Займа, Вознаграждения, Технического карточного овердрафта, комиссий, неустойки, штрафы и на другие подлежащие уплате суммы по настоящему Договору об установлении кредитного лимита с указанием

көрсетілген қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәлімет беруге; Осы тармақтың ережелері Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннен кейін негізгі қарызды мерзімінен бұрын қайтарған жағдайларға қатысты болады және Банк Кредитті мерзімінен бұрын қайтаруға келіскен немесе бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Шартта көзделген жағдайда қолданылады.	просроченных платежей; Положения настоящего пункта распространяются в случаях досрочного возврата основного долга по истечении четырнадцати календарных дней с даты заключения Договора и применяются в случаях согласия Банка на досрочный возврат Займа либо если предусмотрено договором в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан.
6.1.15. Қарыз алушыға осы Шартта қарастырылған мерзімде және тәсілде міндеттемені орындау мерзімі кешіктірілгені туралы, Кредиттік лимитті белгілеу шарты бойынша төлеуге жататын соманы енгізу қажеттігі туралы, өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы, оның ішінде Техникалық карточкалық овердрафт туындаған жағдайда, Берешекті өтеу қажет болатын кезекті күн туралы ескертуге;	6.1.15. Уведомлять Заемщика в сроки и способом, предусмотренным настоящим Договором, о просрочке исполнения обязательств, о необходимости внесения платежей по Договору об установлении кредитного лимита, последствиях невыполнения им своих обязательств, в том числе при возникновении Технического карточного овердрафта, очередной дате погашения Задолженности;
6.1.16. Қарыз алушыны Шартта көзделген тәртіпте Шарттың талаптары жақсарту жағына қарай өзгеруі туралы хабардар етуге;	6.1.16. Уведомить Заемщика об изменении условий Договора в сторону их улучшения в порядке, предусмотренном Договором;
6.1.17. Осы Шарт және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу шарты бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаларға бергенде үш жұмыс күні ішінде Қарыз, Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт, комиссия, тұрақсыздық айыбы және төлеуге жататын өзге сомаларға бөлінген ағымдағы және мерзімі кешіктірілген берешекті көрсете отырып, ол туралы, сонымен қатар қарызды өтеу бойынша төлемдерді бұдан былай төлейтін құқық қою талабы берілген Банкті немесе тұлғаны көрсете отырып, Қарыз алушыға жазбаша хабарлауға;	6.1.17. При уступке права (требования) по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита третьим лицам в течение трех рабочих дней письменно уведомлять об этом Заемщика с указанием полного объема переданных прав требования, остатка текущей и просроченной задолженности с разбивкой на сумму Займа, Вознаграждения, Технического карточного овердрафта, комиссий, неустойки и на иные виды подлежащих уплате сумм, а также назначения дальнейших платежей по погашению займа - Банку или лицу, которому переданы права требования;
6.1.18. Клиентке осы Шартта көзделген тәсілмен Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуы туралы, мерзімі аяқталатын сәтке дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлауға;	6.1.18. Информировать Клиента об истечении срока действия Карточки за 10 (десять) календарных дней до даты ее истечения способом, предусмотренным Договором;
6.1.19. Шартпен, Карточкаларды пайдалану ережелерінде және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге міндеттемелерді орындауға.	6.1.19. Исполнять иные обязанности, предусмотренные Договором, Правилами пользования карточек и/или действующим законодательством Республики Казахстан.
6.1.20. Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен бастап 15 (он бес)	6.1.20. В течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня получения

күнтізбелік күн ішінде Шарттың/Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгертулерді қарауға және жазбаша түрде Қарыз алушыға мыналар жайында хабарлауға:	письменного заявления Заемщика, рассмотреть предложенные изменнеия в условия Договора/Договора об установлении кредитного лимита и в письменной форме сообщить Заемщику о (об):
- Шарттың/Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуге;	- согласии с предложенными изменениями в условия Договора/Договора о предоставлении кредита;
- Шарттың/Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары туралы;	- своих предложениях по изменению условий Договора/Договора об установлении кредитного лимита ;
- бас тартудың дәлелді себептерін көрсете отырып, Шарттың/Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту;	- отказе в изменении условий Договора/Договора об установлении кредитного лимита с указанием мотивированных обоснований причин такого отказа.
6.1.21. Шарт/Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша Банк құқығының (талап қою) үшінші тұлғаға ауысуы (бұдан әрі – талап қою құқығын беру шарты) кезінде Қарыз алушы (немесе оның уәкілетті өкілі) хабардар етіледі:	6.1.21. При переходе права (требования) Банка по Договору /Договору об установлении кредитного лимита третьему лицу (далее – договор уступки права требования), уведомить Заемщика (или его уполномоченное лицо):
- талап қою құқығын беру шартын жасағанға дейін талап қою құқығының (талаптың) үшінші тұлғаға ауысу ықтималдығы туралы, сонымен қатар мұндай құқық беруге байланысты Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмейтін тәсілмен Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;	- до заключения договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в Договоре, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан;
- Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсыа қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына хода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Заемкүнтізбелік күн ішінде хабарланады және бұл жағдайда Кредит бойынша өтемді бұдан былай үшінші тұлғаға төлейтін деректемелер көрсетіледі (Шарт/Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша құқық (талап) ауысқан тұлғаның атауы мен орналасқан орны), берілген құқықтың (талаптың) толық көлемі, сонымен қатар негізгі қарыздың, Сыйақының, Комиссиялық сыйақылардың, тұрақсыздықтардың (айыппұлдардың, өсімақылардың) мерзімі кешіккен және ағымдағы сомасының қалдығы және төлеуге жататын өзге сомалар.	- о состоявшемся переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным в Договоре либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня заключения договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению Кредита третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по Договору/Договору об установлении кредитного лимита, полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченых и текущих сумм основного долга, вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм.
6.2. Қарыз алушы міндеттенеді:	6.2. Заемщик обязуется:
6.2.1. Қарызды Банкке қайтаруға,	6.2.1. Возвратить Заем Банку, а также

сондай-ақ Қарызды пайдалағаны үшін Сыйақы, комиссияларды, соның ішінде Техникалық карточкалық овердрафт сомаларын және осы шартпен және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта белгіленген тәртіппен, талаптарында және мерзімінде басқа төлемдерді төлеуге;	уплатить Вознаграждение за пользование Займом, комиссии и другие платежи, в том числе, сумму Технического карточного овердрафта, в порядке, на условиях и в сроки, установленные настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита;
6.2.2. Кредиттік лимит шегінде Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға және Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде көрсетілетін Банктің және/немесе өзге үшінші тұлғалардың қызметтері үшін комиссиялық сыйақы сомаларын есепке ала отырып Ағымдағы шот бойынша ақшаның пайдаланылуын бақылай отырып, Техникалық карточкалық овердрафтың туындауын болдырмауға, ал Техникалық карточкалық овердрафт туындаған жағдайда Техникалық карточкалық овердрафт сомасы туындаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей Техникалық карточкалық овердрафтты өтеуге. Өзіне өзі қызмет көрсету тәртібінде Карточкалық операцияларды (транзакцияларды) жүргізген кезде Қарыз алушы пайдаланылатын техникалық қондырғының нұсқаулығын қатаң сақтауға міндеттенеді;	6.2.2. Осуществлять Карточные операции в пределах Кредитного лимита и не допускать возникновение Технического карточного овердрафта, контролируя расходование денег по Текущему счету с учетом сумм комиссионных вознаграждений за услуги Банка и/или других третьих лиц, оказываемых при совершении Карточных операций, а в случае возникновения Технического карточного овердрафта погасить Технический карточный овердрафт не позднее даты, следующей за датой возникновения суммы Технического карточного овердрафта. При проведении Карточных операций (транзакций) в режиме самообслуживания, Заемщик обязуется строго соблюдать инструкцию используемого технического устройства;
6.2.3. Жүргізілгенге дейін Кредиттік төлем карточкасын оқшаулау жүргізілмесе, ПИН-кодты теру арқылы немесе Қарыз алушы қолымен куәландырылған Кредиттік төлем карточкасын пайдаланумен жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша барлық шығындарды (шығыстарды) толық көлемінде өтеуге;	6.2.3. В полном объеме нести все расходы (затраты) по Карточным операциям, произведенным с использованием Кредитной платежной карточки, удостоверенной набором ПИН-кода или подписью Заемщика, если до ее совершения не было произведено Блокирование Кредитной платежной карточки;
6.2.4. Банктің талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк Тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтері үшін комиссияларды және Банктің осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша шығындарын, соның ішінде Ағымдағы шотта ақшаның болуынан/болмауынан немесе олардың қозғалуынан тәуелсіз Ағымдағы шотқа/Кредиттік төлем карточкасына қызмет көрсету үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақыны, сондай-ақ үшінші тұлғалардың қызметтерінің ақысын (Қарыз алушы осы Шарт және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиіссіз орындаған жағдайда) төлеуге, сондай-	6.2.4. Производить оплату комиссий за услуги Банка и расходы Банка по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита в соответствии с Тарифами Банка, в том числе комиссионное вознаграждение, причитающееся Банку за обслуживание Текущего счета/Кредитной платежной карточки, независимо от наличия/отсутствия денег либо их движения по Текущему счету, а также услуги третьих лиц (в случае невыполнения и/или ненадлежащего выполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору и/или Договору об установлении кредитного лимита), а также возмещать любые другие убытки и/или расходы и/или судебные издержки,

ақ . Банкте Қарыз алушыдан осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша берешекті өндіру барысында және/немесе Кредиттік төлем карточкасын аумен, Оқшаулаумен, Стоп-параққа енгізумен байланысты туындаған кез келген өзге шығындарды және/немесе шығыстарды және/немесе сот шығындарын өтеуге;	возникших у Банка в процессе взыскания с Заемщика задолженности по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита, и/или связанных с изъятием, Блокированием, внесением в Стоп-лист Кредитной платежной карточки в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты получения требования Банка;
6.2.5. Кредиттік төлем карточкасын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға: Кредиттік төлем карточкасының деректемелерін, ПИН-кодты, Кодтық сөзді үшінші тұлғаларға хабарламауға; Кредиттік төлем карточкасының, ПИН-кодтың және Кодтық сөздің сақталуын қамтамасыз етуе, сондай-ақ Банктің өзге нұсқауларын сақтауға. Кредиттік төлем карточкасы жоғалған/ұрланған немесе уәкілеттік берілмеген тұлғалар пайдаланған жағдайда осы туралы дереу Банкке Банктің тәулік бойына жұмыс істейтін телефондары бойынша хабарлауға және Банк нұсқауларын сақтауға;	6.2.5. Соблюдать правила безопасности при пользовании Кредитной платежной карточкой: не сообщать реквизиты Кредитной платежной карточки, ПИН-код, Кодовое слово третьим лицам; обеспечить сохранность Кредитной платежной карточки, ПИН-кода и Кодового слова, а также придерживаться других рекомендаций Банка. В случае хищения/утраты или использовании неуполномоченным лицом Кредитной платежной карточки незамедлительно уведомить Банк об этом по телефонам Банка, работающим круглосуточно, и следовать инструкциям Банка;
6.2.6. Кредиттік төлем карточкасы жоғалған немесе ұрланған жағдайда Банкке Карточкаларды пайдалану ережелерімен көзделген тәртіпте Кредиттік төлем карточкасын Оқшаулау туралы ауызша және/немесе жазбаша өтінішпен дереу жүгінуге және Банктен алынған нұсқауларды сақтауға. Банк аталған ақпаратты жазбаша түрде немесе Авторландыру бөлімі арқылы телефон арқылы алған мезетке дейін Қарыз алушыға Кредиттік төлем карточкасын пайдаланумен Ағымдағы шот бойынша барлық операциялар үшін, соның ішінде үшінші тұлғалармен жасалған және/немесе ПИН-кодты пайдаланумен жасалғандары үшін толық жауапкершілік жүктеледі;	6.2.6. В случае утери или хищения Кредитной платежной карточки немедленно обратиться в Банк с устным и/или письменным заявлением о Блокировании Кредитной платежной карточки в порядке, предусмотренном Правилами пользования карточками, и следовать полученным от Банка инструкциям. До момента получения Банком данной информации в письменном виде или по телефону через Группу Авторизации Отдела поддержки клиентов Заемщик несет полную ответственность за все операции по Текущему счету с использованием Кредитной платежной карточки, в том числе, совершенные третьими лицами и/или совершенные с использованием ПИН-кода;
6.2.7. Жедел түрде 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкті Қарызды уақытылы қайтаруға және ол бойынша Сыйақыны, сондай-ақ Техникалық карточкалық овердрафт сомаларын төлеуге әсер етуге қабілетті, мүлікті мемлекеттік мұқтаждықтар үшін болжалды тәркілеу, мемлекеттің өз меншігіне алу, қолданудан алу (сатып алу) туралы; Қарыз алушының/Кепілгердің (болған жағдайда) мүлкіне және/немесе кез келген банкілерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын	6.2.7. Незамедлительно в течение 1 (одного) рабочего дня извещать Банк обо всех известных ему обстоятельствах, способных повлиять на своевременный возврат Займа и уплату Вознаграждения по нему, а также суммы Технического карточного овердрафта, включая, но, не ограничиваясь: о наложении арестов на имущество Заемщика и/или деньги, находящиеся на банковских счетах в любых банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и

ұйымдарда және өзге кредиттік ұйымдарда) банктік шоттарда болған ақшасына тыйым салу туралы; Қарыз алушының қатысуымен мүліктік және мүліктік емес сипатты даулар бойынша соттағы қараулар туралы; осы Шарттың және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың заңдылығымен біреудің келіспеуі туралы; Қарыз алушының мүлкінің құрамы кез келген өзгеруі, бұндай мүліктің нашарлауы немесе нашарлау қауіп-қатерінің туындауы, сондай-ақ денсаулығының нашарлауы туралы жағдайларды қоса алып, бірақ шектелмей, барлық белгілі болған жағдайлар туралы хабарландыруға.	иных кредитных организациях); о разбирательствах в судах с участием Заемщика по спорам имущественного и неимущественного характера; об оспаривании кем-либо действительности настоящего Договора и Договора об установлении кредитного лимита; о любом изменении в составе имущества Заемщика, ухудшении или возникновении угрозы ухудшения такого имущества, а также ухудшении здоровья.
6.2.8. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шыққан кезде www.vtb-bank.kz электронды мекенжайы бойынша орналасқан төлем карточкалары бойынша алаяқтықтың жоғары қаупі бар елдер тізімімен танысуға және Банкке Қарыз алушымен байланысты ұстап тұру үшін қажетті мәліметтерді (болатын елі, болатын уақыты) және байланыс телефонын ұсынуға. Алаяқтықтың жоғары қаупі бар елдерде Кредиттік төлем карточкасын пайдалануды тоқтатқаннан кейін Банкке Кредиттік төлем карточкасын қайта шығару үшін жүгінуге міндеттенеді. Аталған талапты орындамаған жағдайда және осыған байланысты аталған Кредиттік төлем карточкасы бойынша жалған Карточкалық операциялар (транзакциялар) туындаған кезде Қарыз алушыға толық көлемінде жауапкершілік жүктеледі, сондай-ақ Банктің Қарыз алушыға жолданған жазбаша талабында көрсетілген мерзім ішінде шартсыз және даусыз тәртіпте Банктің барлық шығындарын және/немесе Банкке келтірілген шығындарды өтейді;	6.2.8. При выезде за пределы Республики Казахстан ознакомиться со списком стран с повышенным риском мошенничества по платежным карточкам, размещенным по электронному адресу: www.vtb-bank.kz, и представить в Банк необходимые сведения (период пребывания, страна пребывания) и контактный телефон, необходимые для поддержания Банком связи с Заемщиком. После прекращения использования Кредитной платежной карточки в странах с повышенным риском мошенничества обязуется обратиться в Банк для перевыпуска Кредитной платежной карточки. В случае несоблюдения указанного требования и при возникновении в связи с этим мошеннических Карточных операций (транзакций) по данной Кредитной платежной карточке, Заемщик несет ответственность в полном объеме, а также возмещает все расходы Банка и/или ущерб, причиненный Банку, в безусловном бесспорном порядке в течение срока, указанного в письменном требовании Банка, направленном Заемщику;
6.2.9. Уақтылы, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкті жазбаша түрде: Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде банкілерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге кредиттік ұйымдарда) Қарыз алушының банктік шоттарын ашу туралы (мұндай шоттың нөмірі мен банктің атауын хабарлап); жаңа деректемелер мен мәліметтерді хабарлап, өз тегінің, атының, пошта және банктік деректемелерінің, соның ішінде электронды поштаның	6.2.9. Своевременно, в течение 3 (трех) рабочих дней извещать Банк в письменном виде: об открытии Заемщиком банковских счетов в банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях) на территории Республики Казахстан и за ее пределами (с сообщением номера такого счета и наименования банка); об изменении своих фамилии, имени, отчества (при наличии), почтовых и банковских реквизитов, в том числе

деректемелерінің, телефон, соның ішінде ұялы телефонның және факстің, жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерінің, жұмыс орнының, жалақысының, отбасылық жағдайының, отбасы құрамының, нақты тұру мекенжайының, тіркеуінің өзгеруі туралы, сондай-ақ өзінің азаматтығының, салық резиденттігінің, АҚШ тұлғасына қатыстылығын/қатыссыздығын растайтын өзге белгілерінің өзгеруі туралы жаңа деректемелер мен мәліметтерді хабарлаумен ескертуге.	реквизитов электронной почты, телефона, в том числе мобильного телефона и факса, данных документов, удостоверяющих личность, места работы, заработной платы, семейного положения, состава семьи, адреса фактического проживания, прописки, а также об изменении своего гражданства, налогового резидентства, иных признаков, подтверждающих принадлежность/непринадлежность к персоне США, с сообщением новых реквизитов и сведений.
6.2.10. Банктің талабы бойынша Банкпен көрсетілген мерзімде Банкті қанағаттандыратын, Қарыз алушының осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиіссіз орындаған немесе Қарызды уақтылы қайтаруға және ол бойынша Сыйақыны, сондай-ақ Техникалық карточкалық овердрафтты төлеуге әсер етуге қабілетті жағдайлар болған жағдайда, қамтамасыз етуге ұсынылатын мүлікке тәуелсіз бағалауды, сақтандыруды, сондай-ақ қамтамасыз етуге ұсынылатын мүліктің тиісті кепіл шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарында тіркеуді өз есебі арқылы жүзеге асыруды қоса алып, Қарыз алушының осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық жабатын қамтамасыз етуді ұсынуға.	6.2.10. По требованию Банка в указанный Банком срок предоставить устраивающее Банк обеспечение, полностью покрывающее обязательства Заемщика по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита, в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств Заемщика по настоящему Договору и Договору об установлении кредитного лимита или наличия обстоятельств, способных повлиять на своевременный возврат Займа и уплату Вознаграждения по нему, а также Технического карточного овердрафта, включая осуществление за свой счет независимой оценки, страхования имущества, предоставляемого в обеспечение, а также регистрации соответствующих договоров залога имущества, предоставляемого в обеспечение, в уполномоченных государственных органах в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
6.2.11. Банктен сәйкес ескертуді алған кезде Кредиттік төлем карточкасы бойынша алаяқтық операцияларды тоқтату мақсаттарында Банк көрсеткен мерзімде Кредиттік төлем карточкасын пайдалануды тоқтатуға;	6.2.11. При получении от Банка соответствующего уведомления, в целях предотвращения мошеннических операций по Кредитной платежной карточке прекратить пользование Кредитной платежной карточкой в течение срока, указанного Банком;
6.2.12. Егер Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартты жасағаннан кейін, Банкте Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзуы/бұзуы мүмкін туралы ақпарат пайда болған не Қарыз алушы мыналармен байланысты болған жағдайда: - Банкімен ерекше қатынастар арқылы, және/немесе, - Банктің қарыз алушыларының	6.2.12. В случае если после заключения Договора об установлении кредитного лимита у Банка появится информация о том, что Банк нарушает/может нарушить требования действующего законодательства Республики Казахстан либо Заемщик (согласно нормативным правовым актам уполномоченного органа) связан: - с Банком особыми отношениями,

тобымен, оларға тәуекел мөлшері Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланыспаған бір қарыз алушыға сияқты есептеледі, және/немесе - Банктің қарыз алушыларының тобымен, оларға тәуекел мөлшері Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысқан бір қарыз алушыға сияқты есептеледі, онда Қарыз алушы Банкпен белгіленген мерзімде мыналарды орындауға міндетті: (а) Банкімен келісілген қамтамасыз етуді ұсынуға немесе Банкімен көрсетілген мөлшеріне дейін Банк талаптарының бөлігін орындауға және/немесе (б) Қарыз алушының қаржылық жағдайын «қанағаттанарлықтан» төмен емес Банкімен жіктеу үшін қажетті әрекеттерді жасауға (уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес), сондай-ақ, егер жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгені Банкке айыппұл салуға әкеліп соқтырса – Банктің талабы бойынша бескүндік мерзімде бұндай айыппұлдарды төлеумен байланысты, шығыстардың орнын толтыруға.	и/или, - с группой заемщиков Банка, размер риска на которых рассчитывается как на одного заемщика, не связанного с Банком особыми отношениями, и/или - с группой заемщиков Банка, размер риска на которых рассчитывается как на одного заемщика, связанного с Банком особыми отношениями, то в указанный Банком срок Заёмщик обязан: (а) предоставить обеспечение, согласованное с Банком, или исполнить часть требований Банка до размера, указанного Банком и/или (б) совершить действия, необходимые для классификации Банком финансового положения Заемщика не ниже, чем «удовлетворительное» (в соответствии с нормативными правовыми актами уполномоченного органа), а также, если любое из вышеуказанных обстоятельств приведет к наложению на Банк штрафов, - по требованию Банка возместить в пятидневный срок расходы, связанные с уплатой таких штрафов.
6.2.13. Егер Банктің талабында өзге мерзім көрсетілмесе, Банктің талабын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кеш емес Қарыз, тиесілі Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт сомасын, осы Шарттың және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартының талаптарын орындмағаны немесе тиіссіз орындағаны үшін айып төлемнің, комиссиялардың сомаларын және осы Шартта және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартында көзделген Қарыз алушыдан тиесілі сомаларды төлеу бойынша бар мерзімі өткен берешекті өтеуге.	6.2.13. Не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты предъявления требования Банка, если иной срок не указан в требовании Банка, погасить имеющуюся просроченную задолженность по оплате суммы Займа, причитающегося Вознаграждения, суммы Технического карточного овердрафта, неустойки за неисполнение или ненадлежащее исполнение условий настоящего Договора и Договора об установлении кредитного лимита, комиссии и другие, причитающиеся с Заемщика суммы, предусмотренные настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита.
6.2.14. Осы Шартта және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартында көзделген негіздер бойынша Қарыздың барлық қалған сомасын толық көлемінде мерзімінен бұрын қайтару және есептелген Сыйақыны, Техникалық карточкалық овердрафт сомасын төлеу бойынша Банктің талабын ұсынған жағдайда, Қарыз алушы Банк талабында өзге мерзім көрсетілмесе, Банктің бұндай талабын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, мыналар кіретін, берешектің қалған бөлігін қайтаруға	6.2.14. В случае предъявления Банком требования по досрочному возврату в полном объеме всей оставшейся суммы Займа и уплаты начисленного Вознаграждения, суммы Технического карточного овердрафта, по основаниям, предусмотренным настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита, Заемщик обязан не позднее 5 (пяти) рабочих дней, с даты предъявления такого требования Банка, если иной срок не указан в требовании Банка, вернуть оставшуюся часть

міндетті: Қарыз сомасы бойынша берешек, тиесілі Сыйақы, Техникалық карточкалық овердрафт сомасы, осы Шарт және Кредиттік лимитті белгілеу шартының талаптарын орындамағаны немесе тиіссіз орындағаны үшін айып төлем, комиссиялар және осы Шартта және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартта көзделген Қарыз алушыдан тиесілі басқа сомалар.	задолженности, включающую в себя: задолженность по сумме Займа, причитающееся Вознаграждение, сумму Технического карточного овердрафта, неустойку за неисполнение или ненадлежащее исполнение условий настоящего Договора и Договора об установлении кредитного лимита, комиссии и другие причитающиеся с Заемщика суммы, предусмотренные настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита.
6.2.15. Кредиттік карточканы және/немесе Ағымдағы шотты Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзумен (соның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын) Карточкалық операцияларды жүргізу үшін пайдаланбауға;	6.2.15. Не использовать Кредитную платежную карточку и/или Текущий счет для совершения Карточных операций, связанных с осуществлением Предпринимательской деятельности и/или с нарушением действующего законодательства Республики Казахстан (в том числе валютного законодательства Республики Казахстан);
6.2.16. 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде 1 (бір) реттен жиі емес, сондай-ақ Ағымдағы шот бойынша Карточкалық операцияларды жүзеге асыру кезінде Банктің қолданыстағы Тарифтері туралы ақпаратты және осы Шартпен және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шартпен және Кредиттік төлем карточкасын пайдаланумен байланысты өзге ақпаратты алу үшін www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Интернет желісіндегі Банктің ресми сайтына немесе Банкке жүгінуге. Бұл кезде Қарыз алушы аталған өзгерістерге/толықтыруларға қатысты хабарлар еместігіне сілтеме жасауға құқысыз;	6.2.16. Не реже 1 (одного) раза в течение 30 (тридцати) календарных дней, а также непосредственно при осуществлении Карточных операций по Текущему счету, обращаться в Банк и/или на официальный сайт в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz за получением информации о действующих Тарифах Банка и иной, связанной с настоящим Договором и Договором об установлении кредитного лимита и пользованием Кредитной платежной карточкой информацией. При этом Заемщик не вправе ссылаться на неосведомленность в отношении указанных изменений/дополнений;
6.2.17. Банкпен көрсетілген мерзімде онымен осы Шарттың және Кредиттік лимитті белгілеу туралы шарттың талаптарына сәйкес жасалған кез келген талабын орындауға.	6.2.17. Исполнять в указанный Банком срок любые требования Банка, совершенные им в соответствии с условиями настоящего Договора и Договора об установлении кредитного лимита.
6.2.18. Банкке жазбаша формада Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар санатына, шетелдік жария лауазымды тұлға мәртебесіне немесе оның жұбайы(зайыбы), жақын туысына тиістілігі, сондай-ақ азаматтығы, салық резиленттігі, АҚШ тұлғасына қатыстылығын/қатыссыздығын растайтын өзге белгілер туралы Шарттың 6.2. тармағының 6.2.9. тармақшасында көрсетілген мерзімдерді есепке ала отырып ескретуге. Банк аталған ақпаратты тексеру	6.2.18. Уведомлять Банк в письменной форме о принадлежности к категории лиц, связанных с Банком особыми отношениями, статусу иностранного публичного должностного лица, либо его супруга (-и), близкого родственника, а также о гражданстве, налоговом резидентстве, иных признаков, подтверждающих принадлежность/непринадлежность к персоне США с учетом сроков, указанных в пп. 6.2.9. п. 6.2. Договора. Банк вправе пользоваться официальными источниками

және нақтылау үшін ресми ақпарат көздерін пайдалануға құқылы;	информации для проверки и уточнения указанной информации;
